

А.Б. ТӨЛЕУ¹, Г.У. ДУСКЕЕВА²¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

✉ e-mail: toleuainur@gmail.com

**ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ:
ГЕНДЕРЛІК БІРЕГЕЙЛІК ЖӘНЕ ЖАНРЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Аңдатпа. Бұл зерттеуде қазақ ауыз әдебиетіндегі әйелдер шығарған мәтіндер мен жанрлар талданады. Интеллектуалды креативті шығармашылыққа жататын әдебиет – ер адамдар ғана айналысатын сала деген стереотип сараланып, баспасөз бетіне шыққан әйел автордың шығармашылығына берілген баға ретіндегі материалдарға талдау жасалады. Сонымен қатар, «Бабалар сөзі» сериясымен шыққан, мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында дайындалған қазақ фольклорының жүз томдығындағы әйел авторлар шығарған қара өлең мәтіндеріне герменевтикалық талдау жасалып, кесте арқылы мәтіннің неліктен әйелге тән екені көрсетілді. Әйелдердің мәтін шығару мотивтері мен себептері қарастырылды. Жарысқазан, құрсақ шашу, тұсау кесу, бесікке салу жоралғылары кезіндегі айтылатын магиялық сөздердің мәтінін әйелдер шығарған деп болжанады. Симона де Бовуардың мифтік шығармалардағы құдай сипатты әйелдер жайындағы талдауы мен қазақ фольклорындағы құдай әйел бейнелері туралы зерттеулер туралы салыстырулар мысалға алынып талданады. Нақты гендерлік талдау деп аталмаса да, Ыбырай Алтынсарин мен Шоқан Уәлихановтың, Ахмет Байтұрсыновтың еңбектеріндегі қазақ қоғамындағы жөн-жоралғылар мен салт-дәстүрді орындау кезіндегі әйелдер мен ер адамдардың атқаратын әрекеттері мен ролі туралы жазбаларына мысалдар беріледі.

Кілт сөздер: гендерлік зерттеулер, әйел авторлар, гендерлік фольклортану, жанр, бірегейлік, мәтін, әйелдер шығармашылығы.

Кіріспе

Гендерлік теңдік мәселесі ХХ ғасырдың ортасынан бастап әлемдік ғылыми қауымдастықтың назарын аударып келеді, ал соңғы жиырма жылда Қазақстанда да бұл тақырыпқа қызығушылық арта түсті. Америкалық психоаналитик Роберт Столлер 1968 жылы өзінің «Жыныс және гендер» атты іргелі еңбегінде «гендер» ұғымын ғылыми айналымға енгізіп, биологиялық жыныс пен гендерлік бірегейлік ұғымдарының мағыналық тұрғыдан бір-бірінен өзгеше екенін негіздеді [1]. Бұл идея кейіннен Гейл Рубиннің еңбегінде жалғасын тауып, 1975 ««Әйелдер тауар көзі: «саяси экономикадағы» жыныс түсінігі туралы

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Төлеу А.Б., Дускеева Г.У. Қазақ фольклорындағы әйелдер шығармашылығы: гендерлік бірегейлік және жанрлардың қалыптасуы // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №1 (1). – Б. 242-252. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3085.20>

***Cite us correctly:**

Toleu A.B., Duskeeva G.U. Qazaq folkloryndagy aielder shygarmashylygy: genderlik biregeilik zhane zhanrlardyn qalyptasuy [Women's Creativity in Kazakh Folklore: Gender Identity and the Formation of Genres] // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №1 (1). – B. 242-252. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3085.20>

ой-пікір» [2] атты ықпалды эссесінде кеңейтіліп, жынысты биологиялық категория, ал гендерді әлеуметтік-мәдени категория ретінде ажыратудың теориялық негізі қаланды.

Жазушы әйелдердің еңбегін сипаттап, әдебиеттанудағы іргелі гендерлік зерттеулердің қалыптасуы үшін америкалық феминист-ғалым Элейн Шоуолтер «гиносын» терминін енгізді. Шоуолтер әдебиеттанудағы феминистік сынның пайда болған кезеңіне байланысты «Жетпісінші жылдарды қайта сараптау: Әйел жазушылар және зорлық-зомбылық» [3] деген еңбегінде жазушы әйелдерді Вирджиния Вулфтің әдебиеттегі ұрпақтары деп бағалайды. Сонымен қатар, лингвист-ғалым А.Б. Кирилина 1990 жылдан бастап ғылымда маскулиндікті де зерттейтін бағыттар пайда болғанын айтады [4]. Осылайша гендерлік зерттеулер батыстағы гуманитарлық ғылымдардың жаңа бағытқа бет бұруына әсер етті.

Гендерлік зерттеулердің дамуына одан әрі феминизмнің де ықпалы болды. Себебі алғашқы кезде гендер әйелдердің ерлермен салыстырғандағы психологиялық, әлеуметтік ерекшеліктерін сипаттаса, феминизм әйелдің құқығын таптамау, ерлермен тең мүмкіндік беру деген түсініктен туды. Осылайша ғылым мен қоғамдық қозғалыстарға белсене араласа бастаған әйелдердің ықпалынан бүгінгі әдебиеттегі феминистік сынның негізі қаланды. «Феминистік сын бағытында Юлия Кристева, Люс Иригарей және Элен Сиксу сынды «француз феминистерінің» еңбектері басқа да гендерлік тұрғыда зерттейтін ғалымдардың өз тұжырымдары мен болжамдардың пайда болуына ықпал етті [3].

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ жазба әдебиеті замана өзгерісі мен әлеуметтік тұрмысты нақты да шынайы бейнелеуге бағытталды. Сол кезде орын алған қоғамдық-саяси және тарихи өзгерістерге әдебиет өте сезімтал болды. Қаламгерлер ұлттық мәселелерді көтеріп, халықты оқу-ағартуға шақырды, әйел теңдігі мәселесі де осы кезеңде көтерілді. Жазба әдебиетіміздегі көркем шығарма жазып, оны баспа бетінде жариялаған әйел авторлар да осы уақытта көрініс берді. Атап айтқанда, проза жанрына қатысты Нәзипа Құлжанованың «Маржан» әңгімесі [5], ал поэзия жанры бойынша Шолпан Иманбаеваның өлеңдері [6, 156-б] баспа бетіне шықты. Бұл екі автор жазба әдебиетімен айналысқан әйелдер тізімінің басында тұрады. Феминистік әдебиеттану мен гендерлік әдебиеттану тұрғысынан екі әйел автордың қалдырған мұрасы – құнды деректер қатарында. Көркем шығармаларға автор болу мүмкіндігі қазақ әйелдерінде бұрыннан болған. Сондықтан теңдік мәселесі көтерілген кезден бастап, әйелдер әдебиетке араласа бастады деген пікір қазақ әдебиеті тұрғысынан қарағанда қате тұжырым. Оны фольклорлық шығармалардағы мәтіндерді талдау арқылы анықтауға, сонымен қатар, айтыс өнеріндегі қыз бен жігіт айтысы, қайымдасу сияқты жанрлардан айқын байқауға болады. Автор және фольклор деген екі ұғымды ұштастыру оңай емес. Себебі, бұрыннан фольклорлық мұралардың авторы – халық деп айтылады. Бір кезде ертегі немесе қысқа жыр болып бір автордан шыққан туындының дамып, трансформацияланып үлкен эпостық жырға айналғаны байқалады. Бұндай мұралар авторының гендерлік стилін анықтау қиын. Демек, фольклор мұраларының нақты авторын табу мүмкін емес болғанымен, мәтіндерді талдау арқылы гендерлік ерекшеліктерді, ежелгі кезеңдердегі әйелдердің арманы мен мұратын, гендерлік мүмкіндіктер мен айырмашылықтарды айқындауға болады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақалада алдымен зерттеу сұрағы анықталып, қайталама деректі талдау әдісі және қара өлең мәтіндеріне герменевтикалық талдау жасалды.

Зерттеу жұмысы – гендерлік теория негізінде жазылған ғылыми мақалалар мен әйел шығармашылығы жайлы жасалған баяндамалар, қазақ фольклорының жүз томдық «Бабалар сөзі» сериясымен шыққан ауыз әдебиеті мәтіндері және қазақ баспасөзінде шыққан әйел авторды бағалауға арналған талдау және сұхбат материалдары негізінде жүргізілді. Мәтіндерді талдау кезінде гендерлік және бірегейлік мәселелерін қарастыру үшін феминистік әдеби сын мен гендерлік теория басты теориялық негіз ретінде алынды. Феминистік әдеби сын шеңберінде әйел авторлардың ауыз әдебиетінде қалдырған мұрасын анықтап, олардың тұлғалық дамуы, қоғамдық шектеулерге қарсы тұруы, гендерлік

иерархияға реакциясы талданады. Бірегейлік теориясы тұрғысынан авторлардың өзін-өзі тануы, мәдениетке, ұлтқа қатысты жеке-дара болмысы, сонымен қатар, қоғамдағы «басқа» болу тәжірибесі зерттеледі.

Талдау мен нәтижелер

Гендерлік бірегейлік адам бойында дәстүрлі гендерлік әлеуметтенудің ықпалынан пайда болады. Бұрын бала дүниеге келген кезден бастап, қоғамның қызға басқаша, ұлға бөлек қарайтыны байқалатын. Технологияның дамуына байланысты қазір баланың жынысын дүниеге келмей жатып анықтауға болады. Бұл мүмкіндік адамдар арасында жаңа мерекенің пайда болуына жол ашты. Ол мереке *gender party* – *гендер пати* деп аталады. Әлеуметтік желінің ықпалына байланысты АҚШ-та басталып, әлемге тараған гендерлік мереке – заманауи мәдениетте орын алған ерекше құбылыс. Оның танымалдығы әлі де артып келеді, ал өткізу формалары барған сайын жаңарып, әртүрлі болып өзгеріп отырады. Цифрлық мәдениетті тұтынатын, әлеуметтік желіге тіркелген адамдар мен қауымдастықтар арасында бұл мерекенің дәстүрге айналуына ең алдымен маркетингтің әсер еткені байқалады. «Гендер пати ата-ана мен әлі өмірге келмеген сәби арасындағы жеке және оңашалық (интимді) сәтті салтанатты түрде жариялауымен ерекшеленеді және бұл коммерцияландырудың соңғы трендіне айналды. Бұл тренд танымал бола отырып, қарама-қайшы пікірталастарды тудырып, гендер туралы нормативтік идеалдарды қайта тудырып отыр» [7, 661-б.]. Гендер патидан баланың бірегейлігі қалыптаспайтыны анық, алайда баланы тәрбиелеп, әлеуметтендіретін орта: туыскандар, қауымдастық, әлеуметтік институттар адам тумай жатып оның гендерлік бірегейлігін қалыптастыруға дайын болады. Қазақ фольклорындағы гендерлік бірегейлік ең әуелі отбасылық тәрбие мен ғұрыптық әлеуметтену арқылы қалыптасады, өйткені бесік жыры, тұсаукесер, құрсақ шашу секілді рәсімдерде қызға да, ұлға да арналған рөлдер ерте бекітіледі, рәсімдік мәтіндердің айтылуы мен таралуында әйелдер қауымының (ене-әже, абысын-ажын) ұжымдық сөзі басым болғандықтан, ритуалдық авторлық пен «әйелдер дауысы» әлеуметтік тәжірибені тілдік нормаға айналдырады. Патриархалды институттар және тарихи билік қатынастары гендерлік иерархияны мәдени өрісте қайта өндіреді: ер адамдардың мәртебесі: қоғамдық бедел, батырлық, әмір ету арқылы, ал әйел адамдардың мәртебесі мен дәреже-деңгейі: туыстық-отбасылық позициялар (келін, жар, жесір) арқылы шектеліп беріледі [8, 20-б.]. Ауызша жанрлардағы гендер рөлдері перформативті түрде тотықпай, үздіксіз «қайта орындалып» отырады: сыңсу, жар-жар, жоқтау сияқты жанрларда эмоциялық-экспрессивтік сөйлеу әйелдік субъектіні, ал жігіттік ұрандар мен ерлік дискурсы еркектік субъектіні тұрақтандырады [9]. Бұл модельдер ұрпақаралық трансмиссиямен беріледі, яғни әже-ана айтылымдары, мифопоэтикалық архетиптер және күнделікті тұрмыс нормалары жас ұрпақтың өзін-өзі тануын құрылымдайды [10]. Факторлардың тілдік көрінісі ең алдымен қаратпа, туыстық және мәртебелік атауларда байқалады: «ана», «әже», «қыз», «жігіт», «ер», «келін», «отағасы» сияқты лексемалар, сондай-ақ «айналайын», «қалқам», «қарағым» тәрізді қаратпа сөздер сөйлеушінің гендерлік позициясын индекстейді. Лексикалық деңгейде материалдық мәдениет атаулары («моншак», «алқа», «сырға», «орамал»), бағалауыш сын есімдер («ибалы», «арлы», «батыр», «ержүрек»), ғұрыптық формулалар (бата-тілек, магиялық қалау) және әрекет етістіктері («бөлеу», «тербету», «жоқтау», «сыңсу») гендерлік мағынаның мәтін ішінде қалай құрылатынын ашуға мүмкіндік береді [10]. Осы зерттеуде талданған «Бабалар сөзі» мәтіндер корпусы бойынша, дәл осындай маркерлердің жүйелі қабаттасуы авторлық дауыс пен жанрлық жағдаятта гендерлік бірегейліктің дискурстық түрде қалыптасатынын пайымдауға негіз болады.

Қазақ фольклорында да баланың дүниеге келмей тұрып жасалатын рәсімдері бар. Атап айтқанда: Құрсақ шашу тойы мен Жарысқазан ғұрыпы. Бұл екі шарада да баланың дүниеге аман келуін тілейді. Жарыс қазан асқан үлкен әйелдер: «Әбдіре ашылғандай, тең шешілгендей, түйін тарқатылғандай, шай қайнатымда, сүт пісірімде, ет піскенше, жарыс қазанмен бірге жарыса тез босансын» [11, 25-б.] деп магиялық тілек сөздерді айтқан. Бұл

тілектер арқылы әйелдің толғағы жеңілдейтініне сенген. Сонымен қатар әйелдер жиналғанда ғана айтылатын бұл ғұрыптық тілектің авторы да әйелдер екені даусыз. «Жарысқазан негізінен айы-күні жеткен әйел толғатқан сәтте жасалатын рәсім, жора. Толғақ жиілеген кезде әйел арқанға асылып, босану сәтінде ауыл аналары мен босанатын келіншектің абысын-ажындары жиналып, әйелдің піріне сиынып, толғақты жеңілдету ырымдарын жасаған» [12, 404-б.] Құрсақ шашу мен жарысқазан жиындарында баланың гендерлік бірегейлігіне назар аудару ниеті байқалмайды. Алайда қыз-келіншектер мен үлкен әйелдер бас қосып, арнайы жөн-жоралғылар жасалып, бата-тілектер айтылатын болған соң, ондағы мәтіндерге гендерлік тұрғыда мән берілуі керек. Сонымен қатар, баланың гендерлік тұрғыда бірегейленуіне Бесік жырындағы мәтіндердің үлесі болғаны байқалады. Атап айтқанда, қыз баланы бесікке бөлегенде:

«Күнім ұйықтап қалыпты,
Анасы әнге салыпты.
Ол түсінде ғажайып,
Ертек-елге барыпты,

Алтын алқа тағыпты» деген қыздарға қаратып айтылатын, «алқа тағу», «күнім» деп еркелету тіркестерімен айтылса, ұл балалардың бірегейлігін айқындау үшін көбіне ерлік жасау, жаудың бетін қайыру, түнде жылқыға шығу сияқты әрекеттерді жасау керек екенін жырға қосқан:

Құрығынды майырып,
Түнде жылқы қайырып,
Жаудан жылқы айырып,
Жігіт болар ма екенсің?!
Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің? [13].

Фольклортануда «гендер» ұғымы адамдар арасындағы қарым-қатынас үлгісі, ерлер мен әйелдердің мәдени рөлдері мен олардың қоғамдағы мәртебелері ретінде түсіндіріледі, бұл фольклорлық шығармаларда көрініс табады. Демек ауыз әдебиетіндегі кейбір фольклор жанрлары тек қана әйелдерге, ал кей жанрдың ер адамдарға тән болуы заңдылық. Фольклордағы шығармаларға Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» еңбегінде гендерлік пайым жасайды. Мысалы, «Жар-жар – қыз ұзатар үйде қызды жұбату үшін айтылатын өлең» немесе «Неке қияр сөз деп неке қияр кезде жүретін екі куәнің күйеу мен қыздың ырзалығын сұраған уақытта айтылатын сөзді айтамыз» [14, 132-134-бб.] деп түсіндіреді. Сонымен қатар аталған еңбектегі *жоқтау жанры* туралы келтірілген дерек те біздің зерттеу үшін аса құнды мәліметке жатады. «Жоқтау-өлген кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау көбіне белгілі адамдарға айтылады. Өлген адамның қатыны, я қызы, я келіні зарлы үнмен өлген адамның тірідегі істеген істерін, өлгенінше бастарына түскен қайғы-қасірет, күйіктерін шығарып, жылағанда айтатын жыр түріндегі сөз.» [14, 132-134-бб.]. Жоқтау жанры және XIX ғасырдағы қазақ қоғамындағы гендерлік ерекшеліктер туралы Ыбырай Алтынсаринның 1870 жылы басылған «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрлерінің очеркі» және 1879 жылы шыққан «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очерктері» еңбектерінде гендерлік факторларға тоқталып, қазақтардың өлген адамдарды жерлеу дәстүрі мен күнделікті тұрмысындағы ер мен әйелдің әрекеттерін түсіндіреді. Айталық, «Сүйекті үйден шығарарда өлген адамның әйелдері ойбай салып дауыс шығарады, оған ауылдағы басқа әйелдер де қосылады», немесе «еркектердің ескерткіштерінің төбесіне – найза, әйелдердің бейітінің үстіне – бақан немесе піскек қойылады», «Өлген кісінің әйелі, оның қызы, апа-қарындастары және ауыл әйелдері өлеңге қосып дауыс шығарады – бұл «жоқтау» деп аталады», сонымен қатар «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату

және той жасау дәстүрлерінің очеркі» [15, 152-156-бб.] еңбегінде қыз аулында болатын «Қызқашар», «Кемпір өлді» ойын-сауығы, күйеу жігіт пен қалыңдықты кезіктіруде берілетін кәделер туралы талдап көрсетеді. Тура жоқтау жанры секілді Сыңсу жанрын да әйелдер, нақтылы ұзатылып бара жатқан қыз айтатын болған. Демек, бұл жанр да ауыз әдебиетінде әйелдің өз мұң-зарын, ішкі тебіренісін жеткізу қажеттігінен туындаған. Бұл жанр туралы фольклортанушы К. Матыжанов: «Сыңсу. Жат жұртқа ұзатылып бара жатқан қыздың ата-анасымен, ел-жұртымен, құрбы-құрдасымен қоштасу салты, барлық елдерде бар. Қыз ұзату тойында айтылатын мұндай өлеңді қазақ арасында «қыздың қоштасуы», «қоштасу», «танысу», «қыздың жылауы», «қыздың көрісуі», «сыңсыма», «сыңсу» деп алуан түрлі атап келген» [9] деп түсіндірме берген. Әжелердің ертегі айту дәстүрі, қыз бен жігіт айтысы, қара өлең жанрындағы әйелдердің мұң-зары мен сағынышы айтылатын мәтіндер, қайымдасу, бесік жыры секілді нақтылы жанрлардың әйел шығармашылығына қатысы бар екенін пайымдау қиын емес. Мақал-мәтелдер мен жаңылтпаш, жұмбақ жанрларындағы гендерлік үлесті айқындау қиын болуы мүмкін. Алайда жоғарыда келтірілген жанрларды қалыптастыра алған қазақ әйелдерінің ауыз әдебиетіндегі басқа жанрларға да өз үлесі бар екені дау тудырмайды. Бұл гендерлік әдебиеттанудың әлі тереңдеп зерттеуге тиіс кешенді мәселесі. «Әлеуметтік қатынастар мен мәдени дәстүрлердің өнімі ретінде гендер көркемдік категория бола алмайды. Алайда, поэтиканы, тілдік құрылымдарды, фольклорлық мәтіннің ерекшеліктерін талдау арқылы оның мазмұнын басқаша ашып көрсетуге, фольклор тасымалдаушыларының санасында бекітілген гендерлік стереотиптерді анықтауға болады» [16]. Гендерлік жүйенің іргетасы және ерлер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынас арқылы жанама түрде сақталатын мәдени орнатулардың кепілі – мәдени дәстүр. Гендерлік сананың қалыптасуына тұрақты мәдени стереотиптер көбірек әсер етеді: олардың негізінде жеке даралыққа бағытталған гендерлік генотип жатыр.

Қазақстанда әдебиет – ерлер ғана айналысатын интеллектуалды-шығармашылық сала деген стереотип қалыптасқаны байқалады. Мысалы, 2019 жылы «Егемен Қазақстан» газетіне әйел жазушы Сәуле Досжанның «Үлкен үйдегі үрей» және «Қасірет пен тағдыр» деген романдарына Жүсіпбек Қорғасбек жасаған талдау материалы шығады [15]. Романды жоғары бағалап, автордың күрделі тақырыпты игеруіне мән бергенімен, бұл материалдың газеттегі тақырыбы: «Ерлер еңсеретін тақырыпты әйел жазушы романға арқау етті» деп қойылған. Дәл осы талдау материалы ағылшын тіліне де аударылып, «A female writer based a novel on the subject that men overcome» [17] деген атпен шыққан. Әдебиет күрделі интеллектуалдық еңбек болған соң, онымен ерлер айналысады деген стереотипке сай қойылған бұл тақырыпты бір жыл өткен соң, «Айқын» газетінде журналист Гүлзина Бектас қайта өндіреді. «Қасірет пен тағдыр» – елдің шері мен қайғысы – жазушы Сәуле Досжан», деген тақырыппен шыққан сұхбатта Г. Бектас жазушыға былай деп сұрақ қояды: «Ерлер еңсеретін тақырыпты» қозғаудағы жазушының культі неде?» [18]. Бұл сұраққа жауап қайырған сұхбат беруші – С. Досжан өзі көтерген тақырыптың әйелдер үшін қиын, ал «ерлер еңсеретініне» келіскендей, қарсылық білдірмейді. Әдебиетті ерлердің ғана интеллектуалды ісі ретінде тану – патриархалды сананың әсері. Атап айтқанда, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында шыққан қазақ фольклорының жүз томдығы «Бабалар сөзі» деген атпен басылған. «Баба – зат есім. 1. Арғы ата, үлкен ата» [19, 166-б.]. Ал, қазақ фольклорын жасауда бабаларымыз, үлкен аталарымыз ғана емес, әжелеріміздің де үлесі кем түспейді. Фольклор болған соң, оның ішіне әйелдерге тән: сыңсу, жоқтау, бесік жыры, тұсаукесер рәсмінде айтылатын сөз, ертегі, қайым өлең жанрлары да кірген. Сонымен қатар, фольклордың басқа жанрларында да әйелдердің үлесі бар. Тіпті жүз томдықтың жетпісінші томы *Қара өлең* жанрына арналған. Ондағы көп өлеңдердің әйелдерге тән мәтіндер екені байқалады. Қара өлең мәтіндерінің көбі әйелдерге тән болу себебін құрастырушылар былай түсіндірген: «Ал қазақта қыз-келіншектер жиналып, қызық құратын той- томалақ өте көп болған. Қыз ұзатып, келін түсіру, жаңа туған жас баланың шілдеханасын тойлау секілді, қой күзету, бие байлау, киіз

басу, ши тоқу жұмыстарында да қыз келіншектер жиналып келіп, көңіл көтеріп, ән салатын, өлең айтатын болған» [20, 11-б.]. Осындай түсініктеме берілгенімен ер адамдардың сөз мұрасы екенін білдіретін «Бабалар сөзі» деген атау барлық жүз томның сыртында жазылған. Демек, қазіргі кезде бар әйел авторлардың өз шығармашылығын күрделі тарихи және саяси тақырыптарға арнауын қазіргі медиа- үлкен құбылыс, ерлер ғана жасай алатын жетістік деп бағаласа, фольклорлық мұраларды жинақтаушы мамандар да әйел авторлар шығарған мәтіндерді ескерместен, үлкен жобаның және көп томдықтың атын ерлерден қалған мұра ретінде жеткізген. «Бабалар сөзі» көп томдығында әйел авторлар көп. Атап айқанда, қара өлең жанрына арналған жетпісінші томдағы әйелдің мәтіндері кестелермен ұсынылды. 1-кесте автор өзінің әйел екенін моншақ тағатынымен байқатады.

1-кесте – «Бабалар сөзі» көптомдығындағы әйел автордың өлеңінен үзінді

Мәтін	Түсіндірмесі
«Тақияма таққаным тал-тал моншақ, Кер биеге жарасар кер құлыншақ. Өлгеннен соң қаларсың қу сүйек боп, Дауысыңның барында қалшы шырқап» [20, 44-б.].	Бұл мысалдағы бірінші тармақта тақияға тағылған моншақ айтылған, осы арқылы мәтінді әйел шығарғаны анық болады.

2-кестеде де автор алтын сырға тағатынын мәтінге қосқан.

2-кесте – Алтын сырға таққан автордың өлеңінен үзінді

Мәтін	Түсіндірмесі
«Құлағым салғаным алтын сырға, Таң алдында шық тиер балтырыма. Уәденің құлы боп күтіп жүрмін, Сәлемімді айта бар жақыныма» [20, 20-б.].	Өлеңнің бірінші тармағында белгісіз автор <i>алтын сырға</i> тағатынын, ал екінші жолда жылағаннан <i>балтырына шық</i> боп көзінің жасы таматынын астарлап жеткізген.

Мәтіндері фольклорға айналып, кейін мемлекеттік «Мәдени жоба» аясында арнайы көптомдыққа енген тағы бір белгісіз автордың әйел екенін айғақтайтын өлеңнен үзінді 3-кестеде.

3-кесте – «Бір үйде бес қыз екенін» өлеңмен жеткізген автордың сөзі

Мәтін	Түсіндірмесі
Аулымның қонған жері боз бетеге, Бір үйде қыз бес болса тон жете ме? Көңілің расымен де менде болса, Шық түнде, мен ерейін, сен жетеле [20, 49-б.].	Белгісіз әйел автор үйінде өзімен бірге бес қыз тұратынын, сүйген жігітімен қашуға дайын екенін білдірген.

Мұндай мысалдарды көп келтіруге болады. Халық әндері мен қара өлеңдерде қыздар арманы мен мұратын, сағынышын жеткізе білген. Олардың өз ойын астарлап, метафорамен көркемдеу әдістері де назар аудартады. Айталық, 4-кестедегі әйел автор өзінің алты ағасы бар екенін астарлап, метафорамен жеткізеді.

4-кесте – «Секіртпе» деген халық әнін әйел автор шығарғанын дәлелдейтін мәтін

Мәтін	Түсіндірмесі
Ауылым Ақкемердің жағасында, Алты ұлдың мен бәйшешек арасында. Шапқанмен жанамдап кержайдақпен, Қалқам-ау, өрең жетпей қаласың да [21].	Екінші тармақтағы «Алты ұлдың мен бәйшешек арасында» деген ой арқылы қыз автор ұлдардың арасында жалғыз өскенін түсіндіреді. Автор өзін бәйшешекпін деген метафорамен жеткізеді және өлеңнің соңғы жолында өзінің ақыл-парасатының биік, ойының жүйрік екенін айтады.

5-кестедегі бесік жырын «Мюзикола» тобы орындайды. Әннің қайырмасында баласын тербетіп отырған ана: «Әй, әй бөпем, кейін қалған елімді көрер ме екем», деп өзінің елінен жырақта қалғанын жеткізсе, негізгі шумақтары, өз жұртынан ұзатылып, кейін бөпелі болған әйелдікі екенін айқындай түседі.

5-кесте – «Мюзикола» тобы орындайтын бесік жыры

Мәтін	Түсіндірмесі
Туған жердің сағынып топырағын, Көз алдыма келеді сол тұрағым-ай. Ата-анамды аяулы аңсағанда, Ақ бөпемді аялап отырамын [22].	Балалы болған жас ана, мұң-шерін бесік жыры арқылы тарқатады. Туған жері мен туыстарын, жақын адамдарына деген сағынышын өлеңмен шығару мүмкіндігі болған.

Осындай әйелдер жасаған мәтіндер мен жанрлардан да тұратын, қазақ фольклорының жүз томдық мұрасы «Бабалар сөзі» деп аталуы гендерлік тұрғыда қате. Интеллектуалды еңбек – ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті әйелдерге қарағанда ерлерге тән деген стереотиптің санаға әбден орнығуынан, жоба барысында құрастырушылар бейсаналы түрде «Бабалар сөзі» деген атау берген. Бұл арқылы әдебиеттегі әйелдердің өзіндік үнін ескермеу әрекеті жасалады. Гендерлік тұрғыда әйелдердің әдебиеттегі дауысын ескермеу – үлкен мәселе. Гендерлік теория мен феминистік әдебиеттану саласында әйелдер үнінің бәсеңдеуі жиі қозғалып, бұл туралы алғаш рет 1926 жылы Вирджиния Вулф «Өз бөлмем» деген эссесінде терең талдау жасайды. Ол: «Мыңдаған жылдар бойы әйелдер үйде қамалып отырды, сондықтан бүгінде қабырғалардың өзі олардың шығармашылық қуатымен сіңіп кеткені соншалық, бұл күш кірпіш пен әктің сіңіру қабілетінен асып түсіп, енді қылқалам мен қаламға, еңбекке, саясатқа шығуды талап етеді», – деп тұжырымдайды [23, 82-б.]. XX ғасырдың басында жасалған бұл тұжырым қазақ фольклорындағы ахуалға сәйкес келмейді. Себебі, көшпелі қазақ тұрмысында Вулф айтқандай *қабырға* жоқ. «Бабалар сөзін» жинақтаған ғалымдардың түсіндіргеніндей, қыз-келіншектер жиналып өткізетін той жиындар көп болды және осы әйелдер қауымдастығында (*community*) олар өздерінің ішкі ойларын, арман-тілектері мен сағынышын жеткізе алатын. Бұл әдебиеттегі қазақ әйелдерінің автор ретіндегі бірегейлігін байқататын ерекше фактор. Әдебиетте, тіпті, зерттеуде көрсетілгендей, ауыз әдебиетінде әйелдер бар, бірақ олардың бар екенін жасыру, осылайша жүз томдық мұрада ерлерді автор ретінде көрсету үрдісі ерлер үстемдік ететін патриархал жүйеде әйелдің әр салада репрессияланып келгенін байқатады. Бұл туралы Симона де Бовуардың «Екінші жыныс» (*The Second Sex*) [24] еңбегінде егжей-тегжейлі талдау жасайды. Ол: «Әйелдер көркем әдебиетте көбінесе стереотиптік рөлдерде: ана, әуесқой, құрбан немесе құдайланған тұлға ретінде бейнеленеді. Бұл олардың шынайы өміріндегі күрделілігі мен мүмкіндіктерін елемейді» [24, 634-б.] деп бағалайды. Бовуардың әйелдің құдайланған тұлға ретіндегі болмысы қазіргі қазақ әдебиетінде де, фольклорда да кездеседі. Бұл тақырып та кешенді түрде зерттелуі тиіс. Қазақ фольклорындағы әйелдің құдайланған бейнесі туралы зерттеуші Қондыбай Серікбол ерекше тоқталып, «Арғықазақ мифологиясы» [25] деп аталатын төрт томдығының үшінші кітабын осы тақырыпқа арнайды. Қазақ фольклорындағы құдай сипатты әйел бейнелері мен әйелдер қауымдастығында шыққан мәтіндер, жасалған әдеби жанрлар, бертін келе сол генотиптердің қазіргі әйел бірегейлігіне әсері арасында айтарлықтай сабақтастық бар. Бұл сабақтастықты арнайы теорияларға сүйене отырып талдау қазақ әйелінің болмысы мен бірегейлігін, қазақ әйелі әдебиетінің ерекшелігін тануға мүмкіндік ашады.

Қорытынды

Әдет-ғұрыптық өлеңдердің бәрінде ер бала қандай болуы керек, қыз баланың болмысы қандай деген сұраққа жауап беретін мәтіндер табылады. Гендерлік бірегейлену процесі бесік жырынан басталып, жоқтаумен аяқталады. Зерттеу мақаласында ер балаларға арналған бесік

жыры мен қыз балаға арналған бесік жырының мәтіндеріне мысал келтірілді. Бесік жыры – фольклор жанры болғанымен, жазба әдебиетіне де еніп, белгілі авторлар жазған шығармалар да тараған. Бесік жыры арқылы ана баласына гендерлік және діни сенімдерге қатысты насихаттарын айтқан. Бұл процесс баланың әлеуметтік және гендерлік рөлдерін қалыптастыруға ықпал еткен. Сонымен қатар, фольклорлық мұралардың ішінде қара өлең, қайымдасу, бесік жыры сыңсу сияқты өлең жанрлары мен бесікке салу, тұсау кесу, қазан жарыс, құрсақ шашу, шілдехана, жоқтау секілді әйелдер бас қосып өткізетін жиында жасалатын жоралғыларда айтылатын сөздердің мәтіні әйелдерге тән екені анықталды. Демек қазақ әйелінің әдебиетке араласуы, көркем шығарма жасауы- фольклорлық мұралардан бері жалғасып келе жатқан қалыпты жағдай әрі әйелге қоғам тарапынан берілген мүмкіндік. Осы арқылы қазақ әдебиетінде әйел авторлардың рөлі бұрыннан бар екені айқын көрінеді. Алайда бүгінгі әдебиет жинақтарының атауы мен құрылымы бұл тарихи факторларды елемей мүмкін. Сондықтан қазақ фольклоры мен әдебиетінде әйел болмысы мен феминдік сөз үлесі терең зерттеуді қажет ететіні айқындалды. Гендерлік әдебиеттану зерттеулері қазақ ұлтының бірегейлігі мен тарихи тұрғыдағы әлеуметтік тұтастығын айқындауға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕРІ ТІЗІМІ

1. Stoller R.J. Sex and gender: The development of masculinity and femininity. – London: Routledge, 2020. – 396 p.
2. Rubin G. The traffic in women: Notes on the “political economy” of sex // In: Toward an Anthropology of Women. – New York: Monthly Review Press, 1975. – P. 157–210.
3. Toleu A., Nuriman B., Beylur S. Gender Balance in School Literature: The Representation of Kazakh Women Writers in Educational Textbooks // Sage Open. – 2026. – Vol. 16, №1. <https://doi.org/10.1177/21582440251410307>.
4. Мәдібаева Қ., Төлеу А. Сара Мыңжасарованың «Әйел бақыты» романындағы әйел образдарының гендерлік бірегейлігі // Керуен. – 2025. – №2 (87). – Б. 17–32. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.2-01>
5. Төлеу А.Б., Сәулембек Г.Р. Нәзипа Құлжанова әңгімесіндегі әйел бейнесі // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №4. – Б. 425–435. <https://doi.org/10.48081/QAJL5625>
6. Құлжанова Н. Қазақ әйелдеріне манифест. – Алматы: Алқа, 2024. – 232 б.
7. Gieseler C. Gender-reveal parties: performing community identity in pink and blue // Journal of Gender Studies. – 2017. – Vol. 27, №6. – P. 661–671. <https://doi.org/10.1080/09589236.2017.1287066>
8. Connell R.W. Growing up masculine: Rethinking the significance of adolescence in the making of masculinities // Irish Journal of Sociology, – 2005. – №14(2). – P. 11–28. <https://doi.org/10.1177/079160350501400202>
9. Матыжанов К.С., Айтбаева А.Б. Қазақтың үйлену-ғұрып жырлары: этнографиялық астары мен жанрлық саралануы // ҚазҰУ хабаршысы. Философия, мәдениеттану және саясаттану сериясы. – 2019. – №1(67). – Б. 12–22.
10. Каримова Б., Қуантайұлы Н., Төлепберген Б. Көркем мәтіннің гендерлік ерекшеліктері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4(130). – Б. 89–100. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.08>
11. Сыздықова Г.М., Жарымбетова Д.К. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі отбасылық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер // Қарағанды университетінің хабаршысы. – 2015. – №4(80). – Б. 24–29.
12. Нұрсан Ә. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. – Алматы: Әлем Даму Интеграция, 2017. – 735 б.
13. Бесік жыры туралы. [Электронды ресурс]. URL: <https://anamenbala.kz/balalar-alemi/naresteler/besik-tarbiesi/besik-jyry-turaly/> (қаралған күні 13.01.2025)
14. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
15. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. Өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар. – Алматы: Атамұра, 2008. – 208 б.

16. Лопухова О.Г. Трансформация гендерных образов в текстах русских волшебных сказок // Вестник ТГГПУ. – 2009. – №16. – С. 136-141.
17. Қорғасбек Ж. Ерлер еңсеретін тақырыпты әйел жазушы романға арқау етті // Егемен Қазақстан. [Электронды ресурс]. URL: https://epvo.kz/#/register/education_program/application/38174 (қаралған күні 06.01.2025)
18. Бектас Г. «Қасірет пен тағдыр» – елдің шері мен қайғысы – жазушы Сәуле Досжан // Айқын. [Электронды ресурс]. URL: <https://aikyn.kz/68486/as-ret-pen-ta-dyr-eld-she-men-au-ysy> (қаралған күні 06.01.2025)
19. Уәли Н., Құрманбайұлы Ш., Малбақов М., Шойбеков Р. Қазақ сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.
20. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 70. / Құраст.: Алпысбаева Қ., Асқар Қ., Әкімова Т., Әлібеков Т., Сейдімбек А. – Астана: Фолиант, 2011. – 540 б.
21. Халық әні. Секіртпе. [Электронды ресурс]. URL: <https://ander.kz/%D1%81%D0%B5%D0%BA%D1%96%D1%80%D1%82%D0%BF%D0%B5/> (қаралған күні 01.01.2025)
22. Бесік жыры туралы. [Электронды ресурс]. URL: <https://anamenbala.kz/balalar-alemi/naresteler/besik-tarbiesi/besik-jyry-turaly/> (қаралған күні 13.01.2025)
23. Бережная М.С. «Своя комната» (1929) Вирджинии Вулф: пространственная метафора в историко-культурном и гендерном прочтении // Вестник Пермского университета. – 2017. – №9. – С. 80–87. <https://doi.org/10.17072/2037-6681-2017-3-80-87>
24. Parshley H.M. The Second Sex by Simone de Beauvoir. – London: Jonatan Cape, 1956. – 702 p.
25. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Үшінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 488 б.

REFERENCES

1. Stoller R.J. Sex and gender: The development of masculinity and femininity. – London: Routledge, 2020. – 396 p.
2. Rubin G. The traffic in women: Notes on the “political economy” of sex // In: Toward an Anthropology of Women. – New York: Monthly Review Press, 1975. – P. 157–210.
3. Toleu A., Nuriman B., Beylur S. Gender Balance in School Literature: The Representation of Kazakh Women Writers in Educational Textbooks // Sage Open. – 2026. – Vol. 16, №1. – <https://doi.org/10.1177/21582440251410307>.
4. Madibaeva Q., Toleu A. Sara Mynzhasarovanyн «Aiel baqyty» romanyn dаgy aiel obrazdarynyn genderlik biregeiligi [Gender identity of female images in the novel “Women's happiness” by Sarah Mynzhasarova] // Keruen. – 2025. – №2 (87). – B. 17–32. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.2-01> [in Kazakh]
5. Toleu A.B., Saulembek G.R. Nazipa Qulzhanova angimesindegi aiel beinesi [The image of a woman in the story of Nazipa Kulzhanova] // Toraigyrov universitetinin habarshysy. Filologia seriasy. – 2024. – №4. – B. 425–435. <https://doi.org/10.48081/QAJL5625> [in Kazakh]
6. Qulzhanova N. Qazaq aielderine manifest [Manifesto to Kazakh women]. – Алматы: Alqa, 2024. – 232 б. [in Kazakh]
7. Gieseler C. Gender-reveal parties: performing community identity in pink and blue // Journal of Gender Studies. – 2017. – Vol. 27, №6. – P. 661–671. <https://doi.org/10.1080/09589236.2017.1287066>
8. Connell R.W. Growing up masculine: Rethinking the significance of adolescence in the making of masculinities // Irish Journal of Sociology, – 2005. – №14(2). – P. 11–28. <https://doi.org/10.1177/079160350501400202>
9. Matyzhanov K.S., Aitbaeva A.B. Qazaqtyn uilenu-guryp zhyrlary: etnografialyq astary men zhanrlyq saralanuy [Kazakh wedding songs: ethnographic background and genre differentiation] // QazUU habarshysy. Filosofia, madeniettanu zhane saiasattanu seriasy. – 2019. – №1(67). – B. 12–22. [in Kazakh]
10. Karimova B., Quantaiuly N., Tolepbergen B. Korkem matinnin genderlik erekshelikteri [Gender features of a literary text] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №4(130). – B. 89–100. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.08> [in Kazakh]

11. Syzdyqova G.M., Zharymbetova D.K. Qazaq halqynyn dastuurli madenietindegi otbasylyq adet-guryptar men salt-dasturler [Family Customs and traditions in the traditional culture of the Kazakh people] // Qaragandy universitetinin habarshysy. – 2015. – №4(80). – B. 24–29. [in Kazakh]
12. Nursan A. Qazaqtyn etnografialyq kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuiesi [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names]. – Almaty: Alem Damu Integracia, 2017. – 735 b. [in Kazakh]
13. Besik zhyry turaly [About the lullaby]. [Electronic resource]. URL: <https://anamenbala.kz/balalar-alemi/naresteler/besik-tarbiesi/besik-jyry-turaly/> (date of access 13.01.2025) [in Kazakh]
14. Baitursynov A. Adebiet tanytqysh [Literature guide]. – Almaty: Atamura, 2003. – 208 b. [in Kazakh]
15. Altynsarin Y. Taza bulaq. Olender, angimeler, ocherkter, hattar [A clean spring. Poems, short stories, essays, letters]. – Almaty: Atamura, 2008. – 208 b. [in Kazakh]
16. Lopuhova O.G. Transformacia gendernyh obrazov v tekstah russkih volshebnyh skazok [Transformation of gender images in the texts of Russian fairy tales] // Vestnik TGGPU. – 2009. – №16. – S. 136-141. [in Russian]
17. Qorgasbek Zh. Erler enseretin taqyrypty aiel zhazushy romanga arqau etti [The theme that men overcome was based on the novel by a female writer] // Egemen Qazaqstan. [Electronic resource]. URL: https://epvo.kz/#/register/education_program/application/38174 (date of access 06.01.2025) [in Kazakh]
18. Bektas G. «Qasiret pen tagdyr» – eldin sheri men qaigysy – zhazushy Saule Doszhan [“Grief and fate” – the tragedy of the country – writer Saule Doszhan] // Aiqyn. [Electronic resource]. URL: <https://aikyn.kz/68486/as-ret-pen-ta-dyr-eld-she-men-ay-ysy> (date of access 06.01.2025) [in Kazakh]
19. Uali N., Qurmanbaiuly Sh., Malbaqov M., Shoibekov R. Qazaq sozdigi [Kazakh dictionary]. – Almaty: Daur, 2013. – 1488 b. [in Kazakh]
20. Babalar sozi: Zhuz tomdyq. T. 70. [The word of ancestors: one hundred volumes. Vol. 70] / Qurast.: Alpysbaeva K., Asqar Q., Akimova T., Alibekov T., Seidimbek A. [The word of ancestors: one hundred volumes]. – Astana: Foliant, 2011. – 540 b. [in Kazakh]
21. Halyq ani. Sekirtpe [Folk song. Jump]. [Electronic resource]. URL: <https://ander.kz/%D1%81%D0%B5%D0%BA%D1%96%D1%80%D1%82%D0%BF%D0%B5/> (date of access 01.01.2025) [in Kazakh]
22. Besik zhyry turaly [About the lullaby]. [Electronic resource]. URL: <https://anamenbala.kz/balalar-alemi/naresteler/besik-tarbiesi/besik-jyry-turaly/> (date of access 13.01.2025) [in Kazakh]
23. Berezhnaia M.S. «Svoia komnata» (1929) Virdzhinii Vulf: prostranstvennaia metafora v istoriko-kulturnom i gendernom prochtenii [“My Own Room” (1929) Virginia Woolf: Spatial Metaphor in historical, cultural and gender interpretation] // Vestnik Permskogo universiteta. – 2017. – №9. – S. 80–87. <https://doi.org/10.17072/2037-6681-2017-3-80-87> [in Russian]
24. Parshley H.M. The Second Sex by Simone de Beauvoir. – London: Jonatan Cape, 1956. – 702 p.
25. Qondybai S. Argyqazaq mifologiasy. Ushinshi kitap [Proto-Kazakh mythology. Third book]. – Almaty: Daik-Press, 2004. – 488 b. [in Kazakh]

Women's Creativity in Kazakh Folklore: Gender Identity and the Formation of Genres

Abstract. The article analyzes texts and genres created by women in Kazakh oral folk literature. The stereotype that literature, considered part of intellectual and creative work, is a domain solely occupied by men is contested, and materials assessing the works of female authors published in the press are analyzed. Additionally, the article examines the texts of Kazakh folk songs created by female authors from the 100-volume edition of the folklore of Kazakhstan, part of the state project “Madeni mura” (“Cultural heritage”), published in the “Babalar sözi” (“Word of ancestors”) series. The article also provides an analysis explaining why these texts are attributed to women, with the help of tables. The motives and reasons for women writing texts in folklore works are discussed. The texts of magical words spoken during rituals such as *jarysqazan*, *qursaqshashu*, *tusaukesu*, and *besikke salu* were also created by women. A comparative analysis is conducted based on Simone de Beauvoir's research on mythological female deities and the portrayal of divine women in Kazakh folklore. Examples from the works of Ybyray Altynsarin, Shokan Ualikhanov, and Ahmet Baitursynov are provided, concerning the roles of women and men in performing customs and traditions in Kazakh society, which can be regarded as examples of gender analysis, even if not traditionally labeled as such in scientific contexts.

Keywords: gender studies, female authors, gender folkloristic, genre, identity, text, women's creativity.

**Женское творчество в казахском фольклоре:
гендерная идентичность и становление жанров**

Аннотация. В статье анализируются тексты и жанры, созданные женщинами в казахском устном народном творчестве. Оспаривается стереотип, согласно которому литература, относящаяся к интеллектуальному креативному творчеству, является сферой, в которой занимаются только мужчины, а также проводится анализ материалов, оценивающих творчество женщин-авторов, опубликованных в прессе. Кроме того, рассматриваются тексты казахских народных песен, созданные женщинами-авторами, из 100-томного издания фольклора Казахстана в рамках государственного проекта «Мәдени мұра» («Культурное наследие») выпущенного в серии «Бабалар сөзі» («Слово предков»). В статье также проводится анализ, объясняющий, почему эти тексты принадлежат женщинам, с помощью таблиц. Рассматриваются мотивы и причины написания текстов женщинами в фольклорных произведениях. Тексты магических слов, произносимых во время обрядов, таких как жарыс қазан, құрсақ шашу, тұсау кесу, бесікке салу, также были созданы женщинами. Сравнительный анализ проводится на основе исследования Симоны де Бовуар о мифологических женских образах богинь и образов божественных женщин в казахском фольклоре. В статье приводятся примеры из работ Ибрай Алтынсарина, Чокан Валиханова и Ахмета Байтурсынова, касающиеся ролей женщин и мужчин в выполнении обычаев и традиций в казахском обществе, что можно рассматривать как примеры гендерного анализа, даже если он не называется так в традиционном научном контексте.

Ключевые слова: гендерные исследования, женщины-авторы, гендерная фольклористика, жанр, идентичность, текст, женское творчество.

Авторлар туралы мәлімет

Толу А.Б. – корреспондент-автор, PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: toleuainur@gmail.com, Қазақстан, Алматы қ.

Дускеева Г.У. – оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, e-mail: omarkhankyzy@mail.ru, Қазақстан, Астана қ.

Information about the authors

Toleu A.B. – The Corresponding Author, PhD Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University, e-mail: toleuainur@gmail.com, Kazakhstan, Almaty.

Duskeeva G.U. – Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, e-mail: omarkhankyzy@mail.ru, Kazakhstan, Astana.

Сведения об авторах

Толу А.Б. – автор-корреспондент, PhD докторант, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, e-mail: toleuainur@gmail.com, Казахстан, г. Алматы.

Дускеева Г.У. – преподаватель, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, e-mail: omarkhankyzy@mail.ru, Казахстан, г. Астана.